

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Шет елде оқу...

ЖАРИЯЛАНДЫ
11.03.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/134142/

Шет елде оқим десеңіз... Көптеген ашық мүмкіндіктерді біз біле бермейміз. Қазіргі таңда интернет желісінде мәліметтердің көп болғанымен, біз оны көп жағдайда қорыта алмай жатамыз. Әрбір елде талап етілетін дүние ол өз ана тілдері және ағылшын тілі. Шет елге оқуға түсем деген мақсаты бар адам ең бірінші ағылшын тілін үйренуі тиіс, ол сіздің грантқа оқуға түсуіңізге көмегін тигізеді, яғни сіз «ielts» емтиханың тапсыратын боласыз. Сіз бұл емтихан арқылы ағылшын деңгейіңізді көрсетіп, одан алған ұпайыңызбен әрбір университетердің талап еткен ұпайлары бойынша оқуға құжат тапсыра аласыз. Қазақстаннан қарағанда өзге елдерде грантқа түсу жеңіл, яғни бұл сіздің өзіңізге деген сеніміңіздің күшімен болады. Сіз қазір 9-10 сыныпта немесе оданда кіші сыныпта оқитын болсаңыз, бұл жазбаны мұқият оқыңыз, өзіңізге берілген мүмкіндікті пайдаға жаратыңыз және дұрыс мақсат қоя біліңіз. Мен сіздерге мектеп бітіргеннен кейін шет елге оқуға грантқа түсуге болатын елдер туралы және сайттармен бөлісетін боламын, сайтқа кіріп қазақшаға аудару батырмасын басып, өз қалаған еліңізге оқуға тапсырыңыз.

1. Түркия еліндегі, шетелдік студенттерге үлкен мүмкіндік ашқан, Türkiye Burslari. Есте сақтайтын дүние Түркия еліне тек қана осы сайт арқылы ғана грантқа түсе аласыз, басқа жағдайда сізге бейтаныс жан ақпарат берген болса, ол адамның жалған ақпарат беріп тұрғаны, ешкімге сенбеңіз өзіңізде құжатты олай жүктей аласыз.
2. Erasmus Mundus, сіздің барлық шығыныңызды көтеретін ғажап сайт десек болады.
3. Греция елі, ең тамаша мүмкіндік беретін елдердің бірі десек қателеспейміз, себебі грек тілін білсеңіз бұл жақта оқу тегін бұл үлкен мүмкіндік.
4. Study in Azerbaijan, дәл осылай жазатын болсаңыз сізге толық ақпарат беретін болады.
5. Study in Romania. Румыния еліне аттестатпен грантқа түсуге болады.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.